

"Мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекемені қоспағанда, мемлекеттік мекеменің үлгі жарғысын (жалпы ережесін) және Мемлекеттік кәсіпорынның үлгі жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 28 қыркүйектегі № 1202 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 1 шілдедегі № 441 бұйрығы.
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 4 шілдеде № 33025 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекемені қоспағанда, мемлекеттік мекеменің үлгі жарғысын (жалпы ережесін) және Мемлекеттік кәсіпорынның үлгі жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 28 қыркүйектегі № 1202 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15813 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекемені қоспағанда, мемлекеттік мекеменің үлгі жарғысында (ережесі):

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекемені қоспағанда, мемлекеттік мекеменің үлгі жарғысы (жалпы ережесі)";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. _____ мемлекеттік (республикалық немесе коммуналдық) мекемесі (бұдан әрі–мемлекеттік мекеме) функцияларын жүзеге асыру үшін мекеме ұйымдық құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.";

2-тармағы алып тасталсын;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтай құжаттарымен нақты шектелген не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле: тиісті саланың уәкілетті органның, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, жергілікті атқарушы органның, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының, прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.";

17-тармақ мынандай редакцияда жазылсын:

"17. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады, ал коммуналдық мемлекеттік мекемені жергілікті атқарушы орган не аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімімен және жергілікті қоғамдастық жиналысымен-аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратымен келісім бойынша жүзеге асырады.";

18-тармақтың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісімін береді;"

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік кәсіпорынның үлгі жарғысында:

18-тармақтың 3) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Кәсіпорынның даму жоспарын және оны орындау жөніндегі есепті қарайды, келіседі және бекітеді;

4) Кәсіпорын мүлкінің сақталуына және Кәсіпорынның даму жоспарының орындалуына бақылауды жүзеге асырады;"

19-тармақтың 4) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Кәсіпорынның даму жоспарын және оны орындау жөніндегі есепті қарайды, келіседі және бекітеді;

5) Кәсіпорынның даму жоспарының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;"

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Кәсіпорынның басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және егер "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) және Кәсіпорынның жарғысында өзгеше көзделмесе, Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Заңмен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.";

23-тармақтың 10) тармақшасы мынандай редакцияда жазылсын:

"10) мыналарға:

таза кірістің белгіленген бөлігі уақтылы бюджетке аударылмағаны үшін;

Кәсіпорынның даму жоспарын іске асырудың нәтижелілігі және тиімділігі үшін жауаптылықта болады;"

мынадай мазмұндағы 23-тармақтың 10-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"10-1) Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі және мүлкінің сақталуы үшін дербес жауаптылықта болады;"

39-тармақ мынандай редакцияда жазылсын:

"39. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу (жедел басқару) құқығы меншік құқығын тоқтату үшін Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген негіздері бойынша және тәртіпте, сондай-ақ Заңның 144, 154, 162 - баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.";

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Кәсіпорын (жедел басқару құқығында) осы Жарғының 38-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының) жазбаша келісімімен ғана негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге құқылы.";

50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"50. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және тиісті саланың уәкілетті органмен келісім бойынша немесе жергілікті атқарушы органның жергілікті қауымдастық жиналысымен - аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратымен келісім бойынша қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (шаруашылық жүргізу құқығындағы), шағын және орта бизнестің халықаралық стандарттарына немесе қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (жедел басқару құқығындағы) сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.".

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Әділет министрі*

А. Ескараев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі